**Гольфтен "Kazakhstan Open" бірінші халықаралық турнирін өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 21 маусымдағы N 170-ө Өкімі

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық гольф федерациясының 2005 жылғы 22-25 қыркүйек аралығында Алматы қаласында голъфтен "Kazakhstan Open" бірінші халықаралық турнирін өткізу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қоса беріліп отырған Гольфтен "Kazakhstan Open" бірінші халықаралық турнирін (бұдан әрі - халықаралық турнир) дайындау мен өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Алматы қаласының әкімдігімен, Қазақстан Республикасының Ұлттық гольф федерациясымен ( келісім бойынша) бірлесіп, халықаралық турнирді дайындау мен өткізуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қоғамдық тәртіптің сақталуын, ресми тұлғалар мен қатысушылар тұратын және халықаралық турнир өткізілетін жерлерде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі халықаралық турнирге қатысушыларды медициналық қызметпен қамтамасыз етуде жәрдем көрсетсін.

6. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі халықаралық турнирге қатысушыларға көліктік қызмет көрсетуді қамтамасыз етуде жәрдем көрсетсін.

7. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті халықаралық турнирге қатысушылар мен оның қонақтарының кедендік рәсімдерден өтуінің оңайлатылған тәртібін қамтамасыз етсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2005 жылғы 21 маусымдағы
N 170-ө өкімімен
бекітілген

**Гольфтен "Kazakhstan Open" бірінші халықаралық турнирін дайындау мен өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы**

Әбіқаев Нұртай Әбіқайұлы - Қазақстан Республикасы Ұлттық гольф федерациясының президенті (келісім бойынша), төраға

Қосыбаев Есетжан Мұратұлы - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрі, төрағаның орынбасары

Тасмағамбетов Иманғали Нұрғалиұлы - Алматы қаласының әкімі, төрағаның орынбасары

Тұрлыханов Дәулет Болатұлы - Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Спорт істері комитетінің төрағасы

Бөкенов Қайрат Ахмадиұлы - Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары

Диқанбаева Сәуле Әлкейқызы - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі

Зверьков Вадим Павлович - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары

Лавриненко Юрий Иванович - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация бірінші вице-министрі

Шпекбаев Алик Жатқанбайұлы - Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі

Сұлтанғалиев Серік - "Нұртау" гольф клубының президенті (келісім бойынша)

Тәжібай Бақытбек Тәжібайұлы - Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Спорт істері комитеті төрағасының орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК